

Түсінік хат

Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркем-дік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиет-тері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалып-тасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиет -терді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан–жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ой-найды. Театрландырылған ойындар ойын–қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ойыншықтар театры – ең көп тараған түрі, бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң – солды ажыратады.

Үстел үстіндегі театры – сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Көлеңкелі театр – жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрының қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрының сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою-өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілік- құралдар
	«Ғажайыптар әлемі»	Балаларға ғажайыптар әлеміндегі ерекше көріністерді бейнелей алуына және ертегіні қызықты етіп айта отырып,ертегі кейіпкерлеріне қызығушылығын арттырып,баланың еркін сөйлеуіне,кейіпкерлерің ролін емін-еркін орындай алуына ықпал жасау.Ертегі арқылы балаларға ойлау қабілетін ,сөйлеу тілін дамыту.Жыл бойына бададарға ертегі кейіпкерлерін әр түрлі театр көрнекіліктерімен көрсете отырып,жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуіне үйрету.	Әр түрлі ертегі кейіпкерлерінің көрнекілік суреттері, атрибуттары, қуыршақ театры,саусақ театры,үстел-үсті театры,көлеңке театры,фланеграф,конус театры.
1	«Бауырсақ» ертегісі	Бауырсақ ертегісін балаларға түсіндіріп ертегіні мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.Үстел үсті театры арқылы балаларға бауырсақ ертегісін тамашалату.	Үстел-үсті театр. Бауырсақ ертегісіне қажетті кейіпкерлер. Көрнекілік суреттер.
2	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	Балаларға үстел-үсті театр арқылы көрсетілген ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегінің ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.Ойын арқылы кейіпкерлердің ролін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Бауырсақ ертегісінің көрнекілік суреттер.Сурет арқылы ертегіні балаларға түсіндіріп,көрсету.
3	«Бауырсақ» ертегісін сахналау	Кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Балаларға көрсетілген ертегіні өздерінің сүйікті кейіпкерлерінің ролдерін сомдап	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары арқылы қойылым қою.

		ойнап беруіне, балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру дағыдаландыру. Ертегіден алған әсерлерімен бөлісу.	
4	«Шалқан» ертегісі	Шалқан ертегісін балаларға таныстыру. Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	Фланеграф арқылы балаларға ертегіні түсіндіру.
5	«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Шалқан ертегісінің көрнекіліктері.
6	«Осындай үлкен шалқан...»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету. Шалқанның қандай үлкен екендігін көрсету. Балаларға ол шалқынды кім екенін, және оны кім күтіп, баптап өсіргенін түсіндіру. Шалқанды қалай шығару керектігін көрсету. Ертегіде қандай кейіпкерлерді кездестіргенін сұрау.	Үстел үсті театры арқылы балаларға көрсету.
7	«Шалқан» ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің рөлін балалардың өздерін атрибут кию арқылы, ертегінің ролін сомдап беруге, шалқанның қандай ауыр екендігін, шалқынды тарту арқылы өздеріне көмектесуге достарын шақыруға тәрбиелеу. Ертегігі сомдап балалардың қызығушылығын арттыру.	Шалқан ертегісінің атрибуттарын кию арқылы сахналау.

8	«Үйшік» ертегісі	Үйшік ертегісін таныстыру.Ертегідегі кейіпкерлердің қандай іс-әрекет жасайтынын көрсете отырып,сұрақ-жауап арқылы балалардың тілдерін ,сөйлеу дамуын қалыптастыру.Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағы арқылы таба білуіне ынталандыру.Қызығушылығын арттыру.	Үстел-үсті театр. Үйшік ертегісіне қажетті кейіпкерлер. Көрнекілік суреттер
9	«Үйшіктегі достарым»	Балаларға үйшік ертегісімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз екендігін ажырата білуге үйрету.	Үйшік ертегісінің көрнекілік суреттер.Сурет арқылы ертегіні балаларға түсіндіріп,көрсету.
10	«Үйшік» ертегісін сахналау.	Ертегіні еске түсіру арқылы балаларға атрибуттарды кигізе отырып,ертегі кейіпкерлерінің ролін сомдауға,олардың жүріс-тұрысын ,дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	Ертегіге қатысты атрибуттарды пайдалану.
11	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерімен таныстыру.Олардың өздерінің ерекшеліктерімен бірге,қызықты ролдерді балаларға сурет арқылы көрсету. Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Фланеграф арқылы балаларға ертегіні түсіндіру.
12	«Түлкі, түлкі, түлкішек»	Кейіпкерлердің ролін атқара білуге дағдыландыру, ертегі кейіпкеріндегі түлінің әрекетін айта отырып,жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді тауып айту.Белсенді балаларды кейіпкерлердің эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	Түлкі мен қояндардың көрнекілік суреттері арқылы таныстыру.
13	«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	Ертегідегі қоян мен түлкінің сөздерін балаларға үйрету. Түлкі мен қояндар арасындағы диалогты	Атрибуттарды кие отырып, қу түлкі мен қорқақ қоян қимылды ойын ретінде

		балаларға оқу арқылы менімен бірге қайталату.Сөйлеу тілдерін жаттықтыру,ертегіге қызығушылығын арттыру.Балаларға қимылды ойын ретінде ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын киіп, ойын ойнау.	ойнау.
14	«Түлкі мен қояндар» ертегісін сахналау	Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру. Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтуларын қадағалау.Ертегіні сахналау.	Ертегіге қатысты атрибуттарды пайдалану.
15	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Жеті лақ ертегісін балаларға таныстыру.Ертегідегі кейіпкерлердің өзіндік ролі арқылы балаларға дауыс ырғағын келтіре отырып,сөйлеу арқылы ертегіні түсіндіру.	Конус театры арқылы.
16	«Лақтарым менің, лақтарым менің....»	Жеті лақ ертегісі мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту. Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл-күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Лақтар туралы балаларға айта отырып,жағымды кейіпкер екендігін түсіндіру.	Ертегіге қатысты атрибуттарды пайдалану
17	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	Алақай анамыз келді,ертегідегі қасқырдың жағымсыз кейіпкер екендігін түсіндіріп,жамандыққа жол бермеуге балаларға достарына,айналасына тек жақсылық жасау керектігін айту.Ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Үстел үсті театр арқылы балаларға көрсету.

18	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сахналау	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету. Ертегіні сахналау Кейікерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау.Ертегіні сахналау.	Атрибуттарды балаларға кигізіп,ертегі кейіпкерлерін рөлін сомдату.
19	«Алтын айдарлы этеш» ертегісі	Ертегінің мазмұнымен таныстыру. Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	Көлеңке театры арқылы көрсету.
20	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға конус театры арқылы өздері ертегіні ретімен орналастыр арқылы сөздері мен іс-қимыл қозғалыстарын көрсете білуді үйрету.	Конус театры арқылы
21	«Сымбатты этеш»	Балаларды екі топқа бөле отырып өздеріне тән ролдерді беріп,ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету.Кейіпкерлердің роліне ену арқылы өздерін еркін сезінуге ықпал ету.	Қуыршақ театры арқылы ертегіні көрсету.
22	«Алтын айдарлы этеш» ертегісі сахналау	Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін атрибуттарды кию арқылы, дұрыс орындауларын қадағалау, сахналауға,балалардың жүріс тұрысына,іс-қимылына мән беру.Ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Атрибуттарды балаларға кигізіп,ертегі кейіпкерлерін рөлін сомдату.

23	« Мақта қыз бен мысық»	Балаларға ертегіні көрсету арқылы қызығушылығын арттыру.Ертегі кейіпкерлерін таныстыру.Мақта қыз бен мысықтың дауыс ырғағы арқылы ролдерді көрнекілік суреттер арқылы сомдап беру.	Фланеграф арқылы балаларға ертегіні түсіндіру.
24	« Достарым көмектесті »	Ертегі кейіпкерлері балаларға түсіндіре отырып,әдепсіз сөйлемеуге, дөрекі сөздер айтпауға, үлкендерге кішілік ізетпен тіл қатуға, жүйелі, орынды, қисынды, жақсы сөйлей білуге тәрбиелеу.	Көрнекілік суреттер арқылы көрсету.
25	« Мысығым,мысығым тентегім »	Балаларды ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйретуге, ертегі туралы түсініктерін артыруға,ертегіні түсініп тындай білуге тәрбиелеу.Ертегі кейіпкерлеріне қызығушылығын арттыру.	Мақта қыз бен мысық ертегісінің көрнекілік суреттері.
26	« Мақта қыз бен мысық » ертегісін сахналау	Ертегі кейіпкерлерінің ролдерін балаларға бөліп беріп,атрибуттарды кигізе отырып,ертегіні сомдап беруді жалғастыру.	Атрибуттарды балаларға кигізіп,ертегі кейіпкерлерін ролін сомдату.
27	« Қарлығаштың құйрығы неге айыр »	Балаларға ертегінің ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.Ертегіні ойын арқылы кейіпкерлердің ролін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Ертегіге қажетті көрнекілік суреттер арқылы түсіндіру.
28	« Жыланның өсиеті »	Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету.Ертегіні айту арқылы балалардың білімін арттыру Есте сақтау қаблетін дамыту.	Конус театры арқылы.

29	« Маса,маса,масалар »	Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.	Масалардың атрибуттарын кигізіп қимылды ойын ойнау.
30	« Қарлығаштың құйрығы неге айыр »ертегісін сахналау.	Кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Балаларға көрсетілген ертегіні өздерінің сүйікті кейіпкерлерінің ролдерін сомдап ойнап беруіне,балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру дағыдаландыру.Ертегіден алған әсерлерімен бөлісу.	Атрибуттарды балаларға кигізіп,ертегі кейіпкерлерін ролін сомдату.
31	« Жыл басына таласқан хайуандар »	Ертегі кейіпкерлімен таныстыра отырып,үй жануарларын ажырата білуін,ертегідегі өздеріне ұнаған жануарлардың дауысын салуын,іс-қимылдарын жасауға қызығушылығын арттыру.	Ертегі кейіпкерлерінің көрнекілік суреттері.
32	« Тышқанның қулығы »	Балаларды жақсы ой ойлауға,ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын қамталамауға үйрету.Ақылды,сабырлы болуға,сөзге шебер болуға, ой-санасын кеңейтуге,дұрыс сөйлей білу мәдениетін жетілдіруге тәрбиелеу.	Саусақ театры арқылы көрсету.
33	« Үй жануарлардың айтысы»	Ертегідегі жақсы қасиеттерді баланың бойына сіндіріп,сыпайы,ұқыпты,әдептілікке, сөйлеуге үйрету.Ертегі кейіпкерлерін дұрыс ажырата білуін қадағалау.	Жануарлардың көрнекілік суреттер.Сурет арқылы ертегіні балаларға түсіндіріп,көрсету.

34	« Жыл басына таласқан хайуандар » ертегісін тамашалау.	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	Ертегіге қажетті атрибуттар
35	«Ертегі елі жермен келе жатыр!»	Балалардың бір жыл алған білімдеріне қажет еткен ертегі кейіпкерлерінің қандай ролдерді сомдағанын, ертегідегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету.	Ертегіге қажетті көрнекілік суреттер.
36	«Ғажайыптар әлеміне рахмет!»	Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау. Балаларға ертегі желісінен өздеріне қажетті кейіпкерлердің ролін ойнауға мүмкіндік бере отырып, ғажайыптар әлемінен рахмет айтуын үйрету.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары